



## Ақсуат ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Абай облысы Ақсуат аудандық мәслихатының 2024 жылғы 8 сәуірдегі № 14/15-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 сәуірде № 265-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-9 тармағына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес, Ақсуат аудандық мәслихаты

**ШЕШТІ:**

1. Ақсуат ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Ақсуат ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес анықталсын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*Ж. Оразғалиев*

Ақсуат аудандық мәслихатының  
2024 жылғы 8 сәуірдегі  
№ 14/15-VIII шешіміне  
1 қосымша

### Тұрғын үй сертификатының мөлшері

1. Қарыз сомасының 10%, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.
2. Қарыз сомасының 10%, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Ақсуат аудандық мәслихатының  
2024 жылғы 8 сәуірдегі  
№ 14/15-VIII шешіміне  
2 қосымша

### Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

№	Атауы
---	-------

1	Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар
2	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар
3	Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар
4	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар
5	Ұлы Отан соғысының ардагерлері
6	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
7	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8	Қандастар
9	Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар
10	Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары
11	Толық емес отбасылар
12	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері
13	Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар